



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ**

УКАЗ

ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру
мен пайдалану туралы 2025 жылғы есепті бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 64-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы 2025 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы 2025 жылғы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне ақпарат ретінде ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы 2025 жылғы есепті және аудит жүргізу нәтижелерін жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 25 маусым

№ 1328



Қазақстан Республикасы
Президентінің
2026 жылғы 25 маусымдағы
№ 1328 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын
қалыптастыру мен пайдалану туралы 2025 жылғы
ЕСЕП**

Астана, 2026 жыл

Мазмұны:

1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы 2025 жылғы есеп.

2-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі қызметі туралы 2025 жылғы есеп.

3-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі 2025 жылғы өзге де деректер.

1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы 2025 жылғы есеп

P/c №	Есеп баптарының атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3
1.	Ұлттық қордың (бұдан әрі – Ұлттық қор) есепті кезеңнің басындағы қаражаты, барлығы:	34 730 106 884
2.	Түсімдер, барлығы: оның ішінде:	3 770 297 032
2.1.	мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есепке жатқызылатын салықтарды қоспағанда), оның ішінде:	3 725 236 090
	корпоративтік табыс салығы;	1 300 317 125
	мұнай секторы ұйымдарынан шикі мұнайға, газ конденсатына акциздер;	
	үстеме пайда салығы;	34 645 454
	бонустар;	1 236 374
	пайдалы қазбаларды өндіру салығы;	899 223 359
	экспортқа рента салығы;	356 851 131
	Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша үлесі;	1 045 387 278
	өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін жер қойнауын пайдалануға балама салық;	87 575 369
2.2.	мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есепке жатқызылатын түсімдерді қоспағанда), оның ішінде:	19 461 793
	орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторының ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;	1 745 189
	республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторының ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;	4 704 710

1	2	3
	зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша табиғат пайдаланушылардан мұнай секторының ұйымдары алған қаражат;	10 484 017
	мұнай секторының ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;	2 527 877
2.3.	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;	1 131 821
2.4.	республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;	1 284 415
2.5.	ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер;	
2.6.	екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның активтерді сатуынан түсетін түсімдер;	23 000 000
2.7.	2024 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдер;	182 913
2.8.	республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансфертті қайтару;	
2.9	Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер	
3.	Пайдалану, барлығы:	5 778 483 949
3.1.	кепілдік берілген трансферт;	2 000 000 000
3.2.	нысаналы трансферттер;	3 250 000 000
3.3.	Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу;	54 389 753
3.4.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нысаналы талаптарды төлеуге және нысаналы жинақтарды аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстар	474 094 196*

1	2	3
4.	Инвестициялық кіріс, барлығы:	4 614 369 396
4.1.	басқару нәтижелері бойынша теңгемен есептелген пайда/залал;	6 016 890 188
4.2.	қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырма	-1 402 520 792
5.	Ұлттық қордың есепке жазылған және төленбеген шығыстары сомасының өзгеруі	17 294 019**
6.	Мерзімінен бұрын өтеуді ескергенде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарының бастапқы тану кезіндегі әділ (нарықтық) құны мен нақты құны арасындағы айырма	-17 951 161***
7.	Айырма мен дөңгелектеу, оның ішінде өткен жылдардағы қаржылық есептілікте көрсетілгендер	-1
8.	Ұлттық қордың есепті кезең соңындағы қаражаты, барлығы:	37 335 632 220

Ескертпелер:

* Ұлттық қордан нысаналы талаптар (міндеттемелер) 2025 жылғы АҚШ долларының орташа бағамы бойынша 908 940 мың АҚШ доллары мөлшерінде (төлемдерді шегергендегі алдыңғы кезеңдердің нысаналы талаптары сомасына 20 146 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі инвестициялық кіріс сомасын қоса алғанда) есепке жазылған. Нысаналы талаптар сомасының 75 897 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі бір бөлігі «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының операторы – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – «БЖЗҚ» АҚ) 2025 жылы 18 жасқа толған балаларға төлем жасау үшін аударылды;

** 2025 жылы Ұлттық қорға көрсетілген қызметтер үшін есепке жазылған және төленбеген шығыстардың теңгедегі сомасының өзгеруі 17 294 019 мың теңгені құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсанда Ұлттық қорға көрсетілген қызметтер үшін теңгемен кредиторлық берешек сомасы өсу қорытындысымен 26 394 500 мың теңгені құрады. Бұл ретте 2024 жылғы 31 желтоқсанда бұл сома өсу қорытындысымен тиісінше 43 688 519 мың теңгені құраған.

*** амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды бастапқы танудың әділ құнын түзетудің 29 931 730 мың теңге мөлшеріндегі сомасынан және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды ішінара мерзімінен бұрын өтеуден түскен түсімінің 11 980 569 мың теңге мөлшеріндегі сомасынан тұрады.

Ұлттық қордың қаражаты 2025 жылғы 1 қаңтарға 34 730 106 884 мың

теңгені құрады.

2025 жылы Ұлттық қорға түскен түсімдердің жалпы сомасы 3 770 297 032 мың теңгені құрады, оның ішінде мұнай секторы ұйымдарынан түскен тікелей салықтардың түсімдері есебінен – 3 725 236 090 мың теңге, мұнда 2 872 545 987 мың теңгесі (5 482 481 мың АҚШ долларына балама) күнбе-күн дәйекті айырбастау/қайта айырбастау операцияларын жүргізу жолымен Ұлттық қордың теңгедегі тиісті шотына есепке жатқызылған шетел валютасындағы түсімдер болып табылады; мұнай секторының ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа түсімдер – 19 461 793 мың теңге, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер – 1 131 821 мың теңге, республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер – 1 284 415 мың теңге және 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдер – 182 913 мың теңге.

2025 жылы екінші деңгейдегі банктердің активтерін сатудан Ұлттық қорға «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамынан 23 000 000 мың теңге сомасына түсімдер жүргізілді.

2025 жылы Ұлттық қорға мұнай секторының ұйымдарынан түскен түсімдердің құрылымы мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

Салықтық/салықтық емес түсімдердің түрі	Сомасы (мың теңге)	Жалпы көлемдегі үлесі (%)
1	2	3
Мұнай секторының ұйымдарынан – заңды тұлғалардан түскен корпоративтік табыс салығы	1 300 317 125	34,72
Үстеме пайда салығы	34 645 454	0,92
Бонустар	1 236 374	0,03
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	899 223 359	24,01
Экспортқа рента салығы	356 851 131	9,53
Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша үлесі	1 045 387 278	27,92
Өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай	87 575 369	2,34

1	2	3
секторы ұйымдарынан түсетін жер қойнауын пайдалануға балама салық		
Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторының ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 745 189	0,05
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторының ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	4 704 710	0,13
Мұнай секторының ұйымдары табиғат пайдаланушылардан зиянды өтеу туралы талап қою бойынша алған қаражат	10 484 017	0,28
Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	2 527 877	0,07
БАРЛЫҒЫ:	3 744 697 883	100

Ұлттық қорға мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің жалпы сомасының негізгі бөлігі заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығына (34,72 %) және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесіне (27,92 %) тиесілі. Ұлттық қорға түсетін түсімдерде пайдалы қазбаларды өндіру салығы 24,01 %-ды, экспортқа рента салығы 9,53 %-ды, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторының ұйымдарынан жер қойнауын пайдалануға балама салық 2,34 %-ды құрайды.

2025 жылы Ұлттық қорға мұнай секторының ұйымдарынан түскен түсім (3 744 697 883 мың теңге) 2024 жылмен (3 826 371 718 мың теңге) салыстырғанда 81 673 835 мың теңге сомасына немесе 2 %-ға азайды.

Мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі өндіру ұлғайғанымен түсімдердің азаюының негізгі себебі болды. Мұнай өндіру көлемі 2025 жылы 99,4 миллион тонна, 2024 жылы 87,7 миллион тонна болды. Мұнай экспортының көлемі 2025 жылы 76 миллион тоннаны, 2024 жылы 68,5 миллион тоннаны құрады.

Мұнай секторы ұйымдарының 2025 жылға арналған тізбесі «Мұнай секторы ұйымдарының 2025 жылға арналған тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2024 жылғы 19 желтоқсандағы № 855 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 472 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

2025 жылы 133 ұйым Ұлттық қорға тікелей салық төледі.

Есепті жылы теңгемен номинацияланған бағалы қағаздар шығарылымының шарттарына сәйкес эмитенттерден жалпы сомасы 61 234 558 мың теңгеге купондық сыйақы алынды, оның ішінде:

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ) облигациялары бойынша – 60 361 629 мың теңге;

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) облигациялары бойынша – 872 929 мың теңге.

2025 жылы Ұлттық қорға «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-дан эмитенттің бұрын сатып алынған облигациялары бойынша қосымша кіріс түрінде 48 500 мың теңге мөлшеріндегі сома аударылды.


Сондай-ақ есепті жылы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы эмитентінің үлестік бағалы қағазы (ISIN KZ1C00001122) бойынша 60 000 371 мың теңге мөлшерінде дивидендтер алынды.

Сонымен қатар есепті жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ эмитентінің жалпы сомасы 91 202 498 мың теңге мөлшеріндегі борыштық бағалы қағаздары (ISIN KZ2C00013142, KZ2C00013183, KZ2C00013191, KZ2C00014686, KZ2C00014694, KZ2C00015477, KZ2C00015972, KZ2C00016285 және KZ2C00016491) цифрлық теңге есебінен сатып алынды. Бұл ретте сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың бастапқы тану сәтіндегі әділ (нарықтық) құны мен нақты құны арасындағы айырма 29 931 730 мың теңгені құрады.

Есепті жылы эмитент – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 23 482 800 мың теңге сомасына облигациялардың негізгі борышын (ISIN KZ2C00004943) ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

Облигациялық қарыздар түрінде бөлінетін қаражатты есепке алмағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалану (миллиард теңге)

2025 жылы Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт түрінде 2 000 000 000 мың теңге және нысаналы трансферт түрінде 3 250 000 000 мың теңге аударылды. Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға 54 389 753 мың теңге аударылды. Нысаналы талаптар бойынша шығыстар 474 094 196 мың теңгені құрады. Сондай-ақ 2025 жылғы қаңтарда «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының операторы – «БЖЗҚ» АҚ-ға 2025 жылы 18 жасқа толған балаларға төлем жасау үшін 75 897 мың АҚШ доллары аударылды.




**Инвестициялық кірісті есепке алмағанда,
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдер
(миллиард теңге)**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен (бұдан әрі – Қаржы министрлігі) Ұлттық қорға 2025 жылы түскен ақша түсімдерінің жалпы сомасы 3 747 297 031 мың теңгені құрады, оның ішінде 2 872 545 987 мың теңге (5 482 481 мың АҚШ долларына балама) күнбе-күн жүйелі айырбастау/қайта айырбастау операцияларын жүргізу арқылы Ұлттық қорға есепке жатқызылған шетел валютасындағы түсімдер болып табылады.



**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері
(миллиард АҚШ доллары)**

Есепті кезеңде Ұлттық қордың жиынтық активтері 2024 жылмен салыстырғанда 11,46 %-ға немесе 7,59 миллиард АҚШ долларына көбейді.



2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық қордың ағымдағы шотында теңгемен ақша қалдығы 137 234 101* мың теңгені немесе 271 466 мың АҚШ долларын құрады (бағам бойынша 1 АҚШ доллары – 505,53 теңге).

Ескертпе:

* Ұлттық қордың ағымдағы шотындағы 128 127 150 мың теңге ақша қалдығы және 9 106 951 мың теңге сомасы – 2026 жылғы 5 қаңтарда мәмілелерді валюталау күні Ұлттық қордың тұрақтандыру портфелінен АҚШ долларын қайта айырбастау операциялары бойынша дебиторлық берешек.

**2-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік
басқару жөніндегі қызметі туралы 2025 жылғы есеп**

«Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген Ұлттық қор аудитінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік дұрыс деп танылды және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық қордың қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның 2025 жылғы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаты қозғалысының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетінін көрсетеді.

2025 жылғы 31 желтоқсанға Ұлттық қордың кредиторлық берешегінің және есепке жазылған төленбеген шығыстарының жалпы сомасы 46 427 046 мың теңгені құрады, оның ішінде:

1) 10 881 413 мың теңге – инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы кредиторлық берешек;

2) 9 099 540 мың теңге – 2026 жылғы 5 қаңтарда мәмілелерді валюталау күні Ұлттық қордың тұрақтандыру портфелінен АҚШ долларын теңгеге қайта айырбастау операциялары бойынша кредиторлық берешек;

3) 26 394 500 мың теңге – Ұлттық қорға көрсетілген қызметтер үшін теңгемен кредиторлық берешек, оның ішінде:

а) 25 834 429 мың теңге – активтерді басқару үшін комиссия, оның ішінде:

6 781 688 мың теңге – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) комиссиялық сыйақысы;

19 052 741 мың теңге – Ұлттық қордың сыртқы басқарушыларының көрсетілетін қызметтері үшін;

б) 425 511 мың теңге – Ұлттық қор кастодиандарының көрсетілетін қызметтері үшін;

в) 134 560 мың теңге – ақпараттық және басқа да көрсетілетін қызметтер үшін;

4) 51 593 мың теңге – өзге де кредиторлық берешек.

2025 жылы Ұлттық қорға көрсетілген қызметтер үшін теңгемен есепке жазылған және төленбеген шығыстар сомасының өзгеруі (17 294 019) мың теңгені құрады. 2025 жылғы 31 желтоқсанға Ұлттық қорға көрсетілген қызметтер үшін теңгемен кредиторлық берешек сомасы өсу қорытындысымен 26 394 500 мың теңгені құрады. Бұл ретте 2024 жылғы 31 желтоқсанға бұл сома өсу қорытындысымен тиісінше 43 688 519 мың теңгені құраған.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының
активтері мен міндеттемелері туралы есеп (мың теңге)**

Баптардың атауы	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
1	2	3
Активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	719 748 109	731 504 586
Алтын	2 135 254 724	1 740 501 029
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	33 807 587 506	31 372 452 617
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1 394 403 777	1 280 938 133
Туынды қаржы құралдары	15 029 317	32 857 363
Дебиторлық берешек	78 295 921	43 583 037
Активтер жиыны	38 150 319 354	35 201 836 765
Міндеттемелер		
Туынды қаржы құралдары	11 015 233	38 793 879
Нысаналы талаптар бойынша міндеттеме	757 244 855	349 134 751
Кредиторлық берешек және есепке жазылған шығыстар	46 427 046	83 801 251
Міндеттемелердің жиыны	814 687 134	471 729 881
Таза активтер	37 335 632 220	34 730 106 884

2025 жылғы 31 желтоқсанға күтілетін кредиттік залалдар үшін құрылған резервтерді есепке алмағанда, Ұлттық қордың дебиторлық берешегінің жалпы сомасы 78 973 829 мың теңгені құрады, оның ішінде:

1) 16 458 867 мың теңге – инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы дебиторлық берешек;

2) 9 106 951 мың теңге – 2026 жылғы 5 қаңтарда мәмілелерді валюталау күні Ұлттық қордың тұрақтандыру портфелінен АҚШ долларын теңгеге қайта айырбастау операциялары бойынша дебиторлық берешек;

3) 14 043 314 мың теңге – Ұлттық қордың эмитент – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның бағалы қағаздары (ISIN KZ2C00009314, KZ2C00012490 және KZ2C00011526) бойынша алу күтілетін сыйақылар бойынша дебиторлық берешегі;

4) 39 364 697 мың теңге – Ұлттық қордың эмитент – «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының үлестік бағалы қағаздары

(ISIN KZ1C00001619) бойынша алу күтілетін дивидендтер бойынша дебиторлық берешегі.

2-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жиынтық
кірісі туралы есеп (мың теңге)**

Баптардың атауы	2025 жыл	2024 жыл
1	2	3
Кірістер		
Сыйақы түріндегі кірістер	772 923 168	636 297 761
Дивидендтер түріндегі кірістер	272 512 950	212 540 787
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарынан түскен таза кіріс	4 002 278 616	1 445 193 688
Алтыннан түскен таза кіріс	712 345 618	326 858 066
Туынды қаржы құралдарынан түскен таза кіріс	152 053 063	13 511 062
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан түскен таза кіріс/(залал)	104 005 465	(225 640 581)
Кірістердің жиыны	6 016 118 880	2 408 760 783
Шығыстар		
Нысаналы талаптар бойынша шығыстар	(474 094 196)	(326 504 566)
Активтерді басқарғаны үшін комиссиялар	(34 648 961)	(35 824 167)
Кастодиандық көрсетілетін қызметтер үшін шығыстар	(2 247 012)	(1 983 446)
Аудиторлық көрсетілетін қызметтер үшін шығыстар	(134 560)	(94 340)
Бағдарламалық өнімдерді пайдаланғаны және ақпараттық көрсетілетін қызметтер үшін шығыстар	(65 201)	(52 070)
Шығыстардың жиыны	(511 189 930)	(364 458 589)
Күтілетін кредиттік залал үшін резервті қалпына келтіру/(қалыптастыру)	771 308	(1 859 246)
Таза пайда/(залал)	5 505 700 258	2 042 442 948

1	2	3
Өзге де жиынтық кіріс/(залал)		
Қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырма	(1 402 520 792)	4 663 835 659
Басқа жиынтық кіріс/(залал)	(1 402 520 792)	4 663 835 659
Кезең ішіндегі барлық жиынтық кіріс/(залал)	4 103 179 466	6 706 278 607

Ұлттық қордың таза активтері 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 37 335 632 220 мың теңгені құрады. Ұлттық қорды сенімгерлік басқару қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштер 2025 жылы былайша қалыптасты:

- 1) басқару нәтижелері бойынша кіріс – 6 016 118 880 мың теңге;
- 2) басқару шығыстары – 37 095 734 мың теңге;
- 3) күтілетін кредиттік залалдар үшін резервтерді жоққа шығарудан түскен кірістер – 771 308 мың теңге;
- 4) нысаналы талаптар бойынша шығыстар – 474 094 196 мың теңге;
- 5) теңгеге қайта бағалау бойынша теріс айырма – 1 402 520 792 мың теңге.

Осылайша, 2025 жылғы таза пайда 5 505 700 258 мың теңгені, Ұлттық қорды басқаруға арналған шығыстар мен нысаналы талаптар бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі жалпы жиынтық кіріс 4 614 369 396 мың теңгені, 2025 жылғы жалпы жиынтық кіріс 4 103 179 466 мың теңгені құрады.

2025 жылы Ұлттық қордың жаһандық кастодианының деректері бойынша базалық валюта – АҚШ долларымен есептелген инвестициялық кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) қалыптасты, ол 8 715 944 мың АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордың шотынан 2025 жылдың ішінде Ұлттық қорды басқаруға байланысты жалпы сомасы 54 389 753 мың теңгеге мынадай шығыстар төленді:

1) 40 904 860 мың теңге – Ұлттық қордың активтерін сенімгерлік басқару бойынша сыртқы басқарушылардың комиссиялық сыйақысы, оның ішінде 10 758 441 мың теңге 2025 жылғы көрсетілген қызметтер үшін және 30 146 419 мың теңге өткен жылдардағы көрсетілген қызметтер үшін;

2) 10 957 369 мың теңге – өткен жылдары көрсетілген қызметтер үшін Ұлттық қордың активтерін сенімгерлік басқару бойынша Ұлттық Банктің комиссиялық сыйақысы;

3) 2 296 672 мың теңге – Ұлттық қордың кастодиандары көрсеткен қызметтер үшін, оның ішінде 1 714 887 мың теңге 2025 жылғы көрсетілген қызметтер және 581 785 мың теңге өткен жылдардағы көрсетілген қызметтер үшін;

4) 65 180 мың теңге – көрсетілген ақпараттық және басқа да қызметтер үшін, оның ішінде 57 711 мың теңге 2025 жылғы көрсетілген қызметтер үшін және 7 469 мың теңге өткен жылдардағы көрсетілген қызметтер үшін;

5) 94 340 мың теңге – 2024 жылғы Ұлттық қордың аудитін жүргізу бойынша көрсетілген қызметтер үшін;

6) 71 332 мың теңге – «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының көрсетілген қызметтері үшін, оның ішінде 2025 жылғы және өткен жылдардағы кастодиандық көрсетілген қызметтер үшін тиісінше 65 626 мың теңге және 5 683 мың теңге, сондай-ақ 2025 жылғы және өткен жылдардағы ақпараттық көрсетілген қызметтер үшін тиісінше 20 мың теңге және 3 мың теңге.

3-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақша қаражатының
қозғалысы туралы есеп (мың теңге)**

Баптардың атауы	2025 жыл	2024 жыл
1	2	3
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Таза пайда/(залал)	5 505 700 258	2 042 442 948
Мыналарға түзетулер:		
есептелген пайыздық кірістердегі өзгеріс, оның ішінде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына	(63 762 315)	(55 738 182)
күтілетін кредиттік залал үшін резервті (қалпына келтіру)/қалыптастыру	(771 308)	1 859 246
Нысаналы талаптар бойынша шығыстар	474 094 196	326 504 566
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, әділ құны бойынша пайда немесе залал арқылы бағаланатын қаржы құралдарынан іске асырылмаған пайда	(3 830 152 115)	(1 180 586 311)
Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі қозғалысы	2 085 108 716	1 134 482 267
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы:		

1	2	3
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, әділ құны бойынша пайда немесе залал арқылы бағаланатын қаржы құралдары	(697 772 477)	1 557 104 542
Алтын	295 515 216	(550 338 726)
Туынды қаржы құралдары	17 828 046	12 956 903
Дебиторлық берешек	(34 503 521)	(16 420 225)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы):		
Туынды қаржы құралдары	(27 778 646)	6 948 890
Нысаналы талаптар бойынша міндеттемелер	(65 984 092)	22 630 185
Кредиторлық берешек және есепке жазылған шығыстар	(37 374 205)	34 677 484
Операциялық қызметтен (қызметте) ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	1 535 039 037	2 202 041 320
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды (сатып алу)/өткізу немесе жабу	(49 768 537)	(168 083 845)
Инвестициялық қызметтен (қызметте) ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	(49 768 537)	(168 083 845)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	3 747 297 031	3 827 890 920
Республикалық бюджетке аударымдар	(5 250 000 000)	(5 600 000 000)
Басқа да аударымдар	(29 931 730)	(70 172 615)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеуден түскен түсімдер	11 980 569*	0
Басқа да түсімдер	23 000 000	12 000 000
Қаржылық қызметтен/(қызметте) ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	(1 497 654 130)	(1 830 281 695)
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы)	(12 383 630)	203 675 780
Пайдалану үшін қолжетімсіз ақша қаражатынан шектеуді алып тастау	0	35 450 350
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның	732 260 198	493 134 068

1	2	3
баламалары (залалдар үшін бағалау резерві шегерілгенге дейін)		
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары (залалдар үшін бағалау резерві шегерілгенге дейін)	719 876 568	732 260 198

Ескертпе:

* Ішінара мерзімінен бұрын өтелген бағалы қағаздардың амортизацияланған құнын шегергенде алынған қаражат арасындағы 11 980 569 мың теңге мөлшеріндегі айырма өтеу күніне ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің «Қаржылық қызметтен/(қызметте) ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)» деген бабында және таза активтердегі өзгерістер туралы есепте «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеуден түсетін түсімдер» ретінде көрсетілген. 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша мерзімінен бұрын өтеу болған жоқ.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза
активтеріндегі өзгерістер туралы есеп (мың теңге)**

	Түсімдер	Аударымдар	Таза пайда/(залал)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	Барлығы
1	2	3	4	5	6
2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	48 274 507 269	(45 408 605 474)	6 404 694 167	20 583 514 010	29 854 109 972
Таза пайда/(залал)			2 042 442 948		2 042 442 948
Басқа да жиынтық кіріс					
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта сыныптауға болмайтын баптар:					
Таза активтердің бастапқы сальдосына валютаны қайта бағалаудың әсері				4 633 508 136	4 633 508 136
Таза пайдаға және басқа да аударымдарға валютаны қайта бағалаудың әсері				30 327 523	30 327 523
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта				4 663 835 659	4 663 835 659

1	2	3	4	5	6
сыныптауға болмайтын баптардың барлығы:					
Кезеңдегі басқа да жиынтық кірістің барлығы			2 042 442 948	4 663 835 659	6 706 278 607
Меншік иелерімен жасалатын, таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген операциялар					
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	3 827 890 920				3 827 890 920
Республикалық бюджетке аударымдар		(5 600 000 000)			(5 600 000 000)
Басқа да аударымдар		(70 172 615)			(70 172 615)
Басқа да түсімдер	12 000 000				12 000 000
Меншік иелерімен жасалатын, таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген операциялардың барлығы	3 839 890 920	(5 670 172 615)			(1 830 281 695)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	52 114 398 189	(51 078 778 089)	8 447 137 115	25 247 349 669	34 730 106 884
2025 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	52 114 398 189	(51 078 778 089)	8 447 137 115	25 247 349 669	34 730 106 884

1	2	3	4	5	6
Таза пайда/(залал)			5 505 700 258		5 505 700 258
Басқа да жиынтық кіріс					
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта сыныптауға болмайтын баптар:					
Таза активтердің бастапқы сальдосына валютаны қайта бағалаудың әсері				(1 294 996 273)	(1 294 996 273)
Таза пайдаға және басқа да аударымдарға валютаны қайта бағалаудың әсері				(107 524 519)	(107 524 519)
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта сыныптауға болмайтын баптардың барлығы:				(1 402 520 792)	(1 402 520 792)
Кезеңдегі басқа да жиынтық кірістің барлығы			5 505 700 258	(1 402 520 792)	4 103 179 466
Меншік иелерімен жасалатын, таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген операциялар					

1	2	3	4	5	6
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	3 747 297 031				3 747 297 031
Республикалық бюджетке аударымдар		(5 250 000 000)			(5 250 000 000)
Басқа да аударымдар		(29 931 730)			(29 931 730)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеуден түскен түсімдер	11 980 569*				11 980 569*
Басқа да түсімдер	23 000 000				23 000 000
Меншік иелерімен жасалатын, таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген операциялардың барлығы	3 782 277 600	(5 279 931 730)			(1 497 654 130)
2025 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	55 896 675 789	(56 358 709 819)	13 952 837 373	23 844 828 877	37 335 632 220

Ұлттық қордың таза активтері 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 37 335 632 220 мың теңгені құрады, 7,5 %-ға ұлғаю байқалады.

Ескертпе:

* Ішінара мерзімінен бұрын өтелген бағалы қағаздардың амортизацияланған құнын шегергенде алынған қаражат

арасындағы 11 980 569 мың теңге мөлшеріндегі айырма өтеу күніне ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің «Қаржылық қызметтен/(қызметте) ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)» деген бабында және таза активтердегі өзгерістер туралы есепте «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеуден түсетін түсімдер» ретінде көрсетілген. 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша мерзімінен бұрын өтеу болған жоқ.

3-тарау. 2025 жылдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректер

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша нысаналы талаптарды шегеруді ескергенде Ұлттық қордың валюталық портфелінің және қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарының теңгелік портфелінің, сондай-ақ теңгелік шоттағы қалдықтың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жиынтық нарықтық құны 73 803 399 072 АҚШ долларына, оның ішінде валюталық портфель – 63 894 534 101 АҚШ долларына (86,57 %), қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарының теңгелік портфелі – 9 637 399 181 АҚШ долларына (13,06%), теңгелік шоттағы қалдық – 271 465 790 АҚШ долларына (0,37 %) тең болды.

Ұлттық қордың валюталық портфелінің құрамындағы тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің нарықтық құны тиісінше 4 716 322 207 АҚШ долларын (7,21 %) және 60 676 134 580 АҚШ долларын (92,79 %) құрады, барлық есеп-қисап жаһандық кастодианның деректері негізінде жүргізілді. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша нысаналы талаптар 1 497 922 686 АҚШ долларын құрайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық активтерін бөлу құрылымы

Мандаттың түрі	Барлығы	
	нарықтық құны, АҚШ доллары	%
Тұрақтандыру портфелі	4 716 322 207	7,21 %
Жинақ портфелі	60 676 134 580	
Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары	15 372 488 983	23,51 %
Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары	11 391 488 888	17,42 %
Корпоративтік облигациялар	5 591 519 679	8,55 %
Акциялар портфелі	22 390 532 459	34,24 %
Алтын портфелі	4 223 794 283	6,46 %
Балама құралдар	1 706 310 288	2,61 %
БАРЛЫҒЫ	63 894 534 101*	100,00 %

Ескертпе:

* валюталық активтердің қорытынды нарықтық құны 1 497 922 686 АҚШ доллары мөлшеріндегі нысаналы талаптар шегеріле отырып көрсетілген.

Тұрақтандыру портфелінің активтерін бөлу серпіні

Активтер сыныптары	2022	2023	2024	2025
Ақша және ақша нарығының құралдары	97,60 %	85,88 %	94,10 %	95,68 %
Кіріс тіркелген бағалы қағаздар	2,40 %	14,12 %	5,90 %	4,32 %
Тұрақтандыру портфелінің барлығы	100,00 %	100,00 %	100,00 %	100,00 %

Тұрақтандыру функциясын іске асыру Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансфертті қамтамасыз етуді көздейтіндіктен, тұрақтандыру портфелінің активтері негізінен жоғары өтімді қаржы құралдарына инвестицияланған және US Treasury Bill Index эталондық портфеліне қарсы басқарылады.

Жинақ портфелінің активтерін бөлу серпіні

Активтер сыныптары	2022	2023	2024	2025
Дамыған елдердің облигациялары	34,27 %	29,30 %	26,93 %	25,34%
Акциялар	30,00 %	33,19 %	36,30 %	36,90%
Дамушы елдердің облигациялары	20,85 %	19,93 %	18,87 %	18,77%
Корпоративтік облигациялар	9,89 %	9,65 %	9,16 %	9,22%
Алтын	4,99 %	5,05 %	5,91 %	6,96%
Балама инвестициялар	-	2,89 %	2,83 %	2,81%
Жинақ портфелі	100,00 %	100,00 %	100,00 %	100,00 %

Елдік арақатынаста Ұлттық қордың жинақ портфелінің активтерін бөлудің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы үлесі мыналарға тиесілі: АҚШ – 46,82 %, Еуроаймақ елдері – 11,15 %, Жапония – 4,11 %, Ұлыбритания – 4,37 %, Канада – 3,28 %, Аустралия – 1,62 %, Мексика – 1,73 %, Индонезия – 1,75 %, Қытай – 0,87 %, Латын Америкасының, Азияның, Еуропаның және Африканың өзге дамушы елдері – 15,72 %.

Халықаралық қаржы ұйымдарына инвестициялар үлесі 1,63 %-ды құрайды. Сондай-ақ Ұлттық қордың жинақ портфелі активтерінің құрамына 6,96 % алтын кіреді.


Қаржы нарықтарындағы ахуал нарықты қайта бағалауға және Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің мөлшеріне тікелей әсер етеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 15,09 % немесе 8,72 миллиард АҚШ доллары мөлшеріндегі рекордтық жылдық кірістілікке қол жеткізілді. Бұған қолайлы нарықтық конъюнктура ықпалын тигізді: Ұлттық қор құрылымындағы

активтердің барлық сыныптары өткен жылы өсім көрсетті, оның ішінде акциялар, корпоративтік облигациялар және алтын портфельдерінде екі мәнді өсу байқалды. Активтерді консервативтік бөлуден теңгерімді бөлуге көшу Ұлттық қор активтерінің неғұрлым тәуекелді бөлігінің есепті кезеңдегі инвестициялық кіріске зор үлес қосуына мүмкіндік берді.

Осылайша, 2019 жылы активтерді теңгерімді бөлуге көшкен кезден бастап консервативті аллокацияға қатысты үстеме кірістілік жылдық мәнде 2,8 %-ды құрады.

Ұлттық қорды басқару стратегиясы ұзақ мерзімді болып саналатынына және активтердің бекітілген стратегиялық аллокациясын қатаң сақтауға бағытталуына байланысты Ұлттық қордың нәтижелері ұзақ мерзімді перспективада бағаланады. Мәселен, Ұлттық қор құрылғанынан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде инвестициялық кіріс 34,6 миллиард АҚШ долларын құрады, ал Ұлттық қордың кірістілігі 162,10 %-ды құрады, бұл жылдық мәнде 4,00 %-ды құрайды. Ұлттық қордың жылдық кірістілігі соңғы 5 жылда – 5,20 %, соңғы 10 жылда – 4,63 %, соңғы 18 жылда – 3,23 % болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тарихи кірістілігі (АҚШ долларымен)



Ұлттық қордың таза активтері мынадай санаттар (инвестициялық портфель түрлері) бойынша сыныпталған:

1) тұрақтандыру портфелі;

2) жинақ портфелі:


дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі;

акциялар портфелі;

баламалы құралдар портфелі;
 дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі;
 инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар портфелі;
 алтын портфелі.


2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығында тұрақтандыру портфелінің кірістілігі 4,29 %-ды құрады, сол кезеңде эталондық портфельдің (ICE BofA US Treasury Bill Index) кірістілігі 4,19 %-ды құрады. Осылайша, 2025 жылы тұрақтандыру портфелінің активтерін басқару нәтижесінде оң үстеме кірістілік алынды, ол 0,10 %-ды құрады. Портфельдің оң үстеме кірістілігі эталондық портфельден дюрация бойынша ауытқудың және портфель құрамында коммерциялық бағалы қағаздардың болуының арқасында алынды.

Тұрақтандыру портфелінің 2025 жылғы кірістілігі




2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығында эталондық портфельдің кірістілігі 16,00 % болған кезде жинақ портфелінің кірістілігі 16,08 %-ды құрады. Осылайша, басқару нәтижесінде 0,08 % мөлшерінде оң үстеме кірістілік қалыптасты. Бұл ретте алтын және акциялар портфелі үлестерінің нысаналы аллокацияның композиттік индексінен оң ауытқуы оң үстеме кірістіліктің негізгі құрауышы болып саналады.

Жинақ портфелінің 2025 жылғы кірістілігі



Жинақ портфелінің активтерін басқару 6 мандат: дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, корпоративтік облигациялар, жаһандық акциялар, балама инвестициялар портфелі және алтын портфелі шеңберінде жүзеге асырылады. Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары мандатының құрамындағы қытай юаніндегі портфельді, сондай-ақ алтын және балама құралдар портфелдерін басқару шеңберінде эталондық портфельдер көзделмеген.

Мандаттар бөлінісінде жинақ портфелінің кірістілігі



Балама инвестициялардың құрылымы мен есепке алынуының ерекшеліктеріне байланысты портфельдің 2025 жылдың соңындағы нарықтық құнын түпкілікті толық қайта бағалау 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының соңында ғана қолжетімді болады.

«Дамыған елдердің облигациялары» мандаты бойынша негізінен эталондық портфельден дюрация бойынша оң ауытқудың және спрэд өнімдердің қалыпты үлесінің арқасында 38 базистік тармақ мөлшерінде оң үстеме кірістілікке қол жеткізілді. Есепті жылы АҚШ және нарықтары дамыған басқа да негізгі елдердің қысқа бөлігіндегі кірістілік қисығы орталық банктердің монетарлық саясатты жеңілдетуі арқасында төмендеді. Бұған қоса, есепті жылы корпоративтік бағалы қағаздардың спрэдтері орнықты сұраныс пен инфляциялық жорамалдың төмендеуі аясында төмендеді. Нәтижесінде кірістіліктің және спрэдтердің төмендеуі портфельдің үстеме кірістілігіне оң әсерін тигізді.

«Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары» мандаты бойынша теріс үстеме кірістілік (-) 0,11 базистік тармақты құрады. Нәтижеге бағалы қағаздарды қолайсыз іріктеу факторлары, эталондық портфельмен салыстырғандағы елдік аллокация әсері, сондай-ақ кірістілік қисығы бойынша позициялану теріс әсер етті.

«Корпоративтік облигациялар» мандаты бойынша 22 базистік тармақ мөлшеріндегі оң үстеме кірістілік негізінен бағалы қағаздарды қолайлы іріктеу факторларына байланысты.

«Жаһандық акциялар» мандаты бойынша (-) 46 базистік тармақ мөлшеріндегі теріс үстеме кірістілік MSCI World ex Sweden эталондық портфелімен (21,47%) салыстырғанда Quality (15,83 %) және Minimum Volatility (11,02 %) мандаттары бойынша төмен кірістілікке байланысты қалыптасты. Жыл соңына Quality және Minimum Volatility мандаттарының үлесі бүкіл акциялар портфелінің жалпы көлемінің 13 %-ын құрайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару бойынша 2025 жылы өткізілген іс-шаралар туралы қосымша ақпарат

2025 жылғы қаңтарда тұрақтандыру портфелін 5 миллиард АҚШ доллары болатын ең төменгі қажетті деңгейге дейін толықтыру мақсатында жинақ портфелінен аудару жүзеге асырылды. Акциялар портфелі мен алтын портфелінің нақты үлестерінің активтерді стратегиялық бөлудің нысаналы үлестерінен асып түсуіне байланысты көрсетілген портфельдерден шамамен 2,3 миллиард АҚШ доллары болатын жалпы сомаға қаражат алынды. Мәселен, тұрақтандыру портфелін толықтыру нәтижесінде акциялар портфелінен 1,5 миллиард АҚШ доллары алынды, осылайша акциялар портфелінің үлесі 2,7 %-ға төмендеп, 30 % деңгейіндегі нысаналы үлеске жақындады. Алтын портфелінен шамамен 797 миллион АҚШ долларын алу нәтижесінде оның нақты үлесі 5,9 %-дан нысаналы 5,0 % деңгейіне дейін қысқарды.

Тұрақтандыру портфелінің көлемін 5 миллиард АҚШ доллары болатын ең төменгі қажетті деңгейге дейін жеткізу мақсатында 2025 жылғы сәуірде жинақтау портфелінен жалпы сомасы 1,58 миллиард АҚШ долларына жуық қаражатты аудару жүзеге асырылды. Қаражатты алу аудару кезіндегі жинақтау

портфелінің аллокациясы ескеріле отырып жүзеге асырылды. Мәселен, 2025 жылғы сәуірде акциялар нарығындағы құбылмалылық аясында дамыған елдердің облигациялар портфелінің үлесі 29 % мөлшеріндегі нысаналы үлестен асты. Қаражатты аудару 1) шамамен 549 миллион АҚШ доллары сомасына дамыған елдер облигацияларының портфеліндегі бір сыртқы басқарушының тоқтатылған мандатынан және 2) шамамен 1,03 миллиард АҚШ доллары сомасына активтерді жаһандық тактикалық бөлу портфелін сыртқы басқарушының тоқтатылған мандатынан алу жолымен жүзеге асырылды.

Егемен активтерді басқарудың халықаралық практикасына сүйене отырып, Ұлттық Банк Ұлттық қордың активтерін басқару стратегиясын нарықтық трендтер, жетекші қаржы институттарының ұзақ мерзімді болжамдары және іргелі макроэкономикалық факторлар негізінде қалыптастырады.

Мәселен, 2025 жылғы қарашада Мемлекет басшысы жинақ портфелі құрылымындағы кірісі жоғары активтердің үлесін 50 %-ға дейін ұлғайту жөніндегі Ұлттық Банктің ұсынысын мақұлдады. Активтерді жаңадан бөлуге сәйкес облигациялардың үлесі (портфельдің 50%-ы) 19 % дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларынан, 21% дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларынан және 10 % корпоративтік облигациялардан тұратын болады. Портфельдің кірісі жоғары бөлігі 35% акцияларды, 10% балама инвестицияларды және 5% алтынды қамтиды. Болжамдарға сәйкес 50/50 моделіне өту жинақ портфелінің ұзақ мерзімді кірістілігін арттырады.

Ұлттық қордың мақсаттары мен міндеттерін халық арасында түсіндіру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

Қаржы министрлігінің сайтында ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы есеп орналастырылады;

Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің сайтында ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақшаның қозғалысы туралы есеп орналастырылады.

«Ұлттық қор – балаларға» жобасы

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әрбір отбасы елдің ұлттық байлығын пайдаланудан іс жүзінде пайда алуға тиіс. 2024 жылдан бері жыл сайын Ұлттық қордың орташаланған инвестициялық кірісінің 50 %-ы балалар 18 жасқа толғанға дейін олардың арнаулы жинақтау шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз есепке жазылуға.

2025 жылдың соңында төлемдерді шегергенде алдыңғы кезеңдер үшін нысаналы талаптардың сомасы 1 497 922 686 АҚШ долларын құрады. 2026 жылғы қаңтарда 901 722 087 АҚШ доллары мөлшерінде нысаналы

талаптар, сондай-ақ 44 488 304 АҚШ доллары мөлшеріндегі төлемдерді шегергенде алдыңғы кезеңдердің нысаналы талаптарының сомасына инвестициялық кіріс есепке жатқызылды.

2026 жылғы қаңтарда «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының операторы – «БЖЗҚ» АҚ-ға 2026 жылы 18 жасқа толатын балаларға төлеу үшін 132 700 563 АҚШ доллары аударылды. Бұл бір балаға шаққанда 130,71 АҚШ долларын құрайды.

Сонымен қатар бағдарламаға қатысушылардың жинақтаушы шоттарына үш жылдың қорытындысы бойынша жылдық есепке жатқызу мынадай болды:

Нысаналы жинақтар есепке жатқызыл- ған жыл	Нысаналы талаптар (НТ) және нысаналы талаптарға инвестициялық кіріс (ИК) есепке жазылған жыл					Нысаналы жинақтардың жиыны АҚШ долларымен
	2024	2025		2026		
	НТ	НТ	ИК	НТ	ИК	
2024	100,52	-	-	-	-	100,52
2025	100,52	129,38	3,04	-	-	232,94
2026	100,52	129,38	3,04	130,71	6,91	370,56

2025 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қордың соңғы 18 жылдағы (2008 жылдан бастап 2025 жылды қоса алғанда) орташа жылдық кірістілігі жылдық мәнде 3,23 %-ды, ал 18 жылдағы инвестициялық кірісі 2025 жылдың қорытындысы бойынша жылдық мәнде 1 962 340 220 АҚШ долларын құрады.

Осылайша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде 2027 жылы жоғарыда көрсетілген соманың жартысы – 981 170 110 АҚШ доллары мөлшерінде нысаналы талаптар қалыптастырылады.